

## Біздің жобалар

*Қазақстан Республикасы Ғылым және жоғары білім министрлігі  
AP09259280 «Қазақ мәдениет тілдері этникалық бірегейліктің негізі  
ретінде: семиотика және семантика» (2021–2023 жж.)*

*Ғылыми жетекші: Өскенбай Қанат Зұлқарышұлы, тарих ғылымдарының  
кандидаты, қауымдастырылған профессор*

### Реферат

ҚАЗАҚ МӘДЕНИЕТІНІҢ ТІЛДЕРІ, ЛИНГВИСТИКАЛЫҚ МЕНТАЛИТЕТ, ЭТНИКАЛЫҚ МЕНТАЛИТЕТ, ҚАЗАҚ САЛТЫНЫҢ СЕМАНТИКАСЫ, ОЮ-ӨРНЕК, ТҮС СИМВОЛИКАСЫ, ДЫБЫСТЫҚ БЕЙНЕ, ҚАЗАҚ МУЗЫКАСЫНЫҢ ТІЛІ, ЭТНОСЕМИОТИКА, МӘДЕНИ МҰРА, ТҰРАҚТЫ ДАМУ, ҚАЗІРГІ ЗАМАНҒЫ МӘДЕНИЕТ, БІЛІМ БЕРУ

Қазақ этносының менталитетінің өмірдің әртүрлі салаларындағы көріністерінің алуан түрлілігін білдіретін қазақ мәдениеті тілдері: тіл (ауызша және жазбаша), салт-дәстүрлер, ою-өрнектер, түс және дыбыс символикасы, музыка, сондай-ақ қазақ санасының басқа да бейвербалды көріністері зерттеу нысаны болып табылады. Қазақ халқының әлеуметтік құрылымында, салт-дәстүрінде, киелі және тұрмыстық салаларында, фольклоры мен өнерінде өз көрінісін тапқан мәдени тілдерінің алуан түрлілігін жүйелі бірлікке келтіру жобаның мақсаты болып табылады. Мәдени тілдердің бірыңғай каталогталған жүйесі білім, ғылым, өнер және тіл білімі салаларындағы мамандардың мүмкіндіктерін кеңейтеді.

ҒЗЖ орындау барысында мынадай ғылыми нәтижелер алынды: - қазақ тілі филологиясы, өнердің әртүрлі салаларына, тарихқа, этнографияға қатысты дереккөздер жинақталды; - зерттеу пәніндегі бар гипотезаларды, әзірлемелер мен олқылықтарды анықтау үшін арнайы әдебиеттер зерттелді; - әлемдік ғылыми кеңістіктегі әдіснамалық контексті анықтау үшін шетелдік этносемиологтармен онлайн және офлайн консультациялар өткізілді; - әртүрлі салаларда көрініс тапқан қоршаған шындықпен өзара әрекеттесу үлгілері болып табылатын дәстүрлі қазақ этносының семиотикалық модельдері қайта жасалды; - мағыналар мен нышандарды бір жүйеден екінші жүйеге аудару мүмкіндігіне қол жеткізу мақсатында түрлі этнобелгі кодтардың арақатынасы анықталды; - қазақ мәдениеті тілдерінің семантикасы мен семиотикасы бойынша шеберлік сабақтары өткізілді; - онлайн режимде дөңгелек үстел және ғылыми еңбектердің электрондық жинағымен Халықаралық конференция өткізілді; - цифрлық деректер базасы жасалып, қазақ мәдениетінің белгілері мен нышандарының энциклопедиясы жарияланды (20 б.т.); - «Қазақ мәдениетінің тілдері» атты ұжымдық монография (25 б.т.) әзірленіп, жарық көрді.

Жүзеге асыру дәрежесі: зерттеу нәтижелері ғылыми мақалалар мен басқа да іс-шараларда көрініс тапты. 2021-2023 жылдардағы барлық жарияланымдар – 24. Оның ішінде: 11 ғылыми мақала (Ғылым комитеті), 4 –

Scopus, 5 – конференция баяндамалары; 3 – авторлық құқықты тіркеу туралы куәлік, 4 – шеберлік сабақтары, 1 – дөңгелек үстел, 1 – конференция.

Қолдану саласы: бейіні бойынша ғылыми ұйымдар, жергілікті атқарушы органдардың мәдениет және өнер салалары бөлімдері, білім беру саласы.